

## **Келісім Шарт жасасу туралы ашық оферта.**

### **1. Жалпы ережелер.**

1.1. Бұл құжат «Janastar» байқауының ұйымдастырушысы болып табылатын «W10 - Company» ЖШС-нің (бұдан әрі - «Ұйымдастырушы») «Janastar» байқауына (бұдан әрі - Байқау) қатысуға рұқсат беруі үшін көпшілікке ашық Оферта болып табылады және бұдан әрі «Қатысушы» деп аталатын кез келген жеке тұлғаға Байқауға қатысуға бір реттік қол жетімділікті қамтамасыз ету туралы Келісім шарттың (бұдан әрі - «Келісім») барлық маңызды шарттарын қамтиды. Бұл ұсыныс (бұдан әрі-Оферта) байқаудың сайтында [www.janastar.kz](http://www.janastar.kz) –те орналастырылған.

1.2. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 396-бабының 3-тармағына сәйкес (бұдан әрі - «ҚР АҚ»), осы Офертада көрсетілген Шарт талаптарын орындау бойынша іс-әрекеттер жасалған жағдайда, бұл Офертаның акцепті деп саналады. Бұл жағдайда келісім шарт әрбір нақты жағдайда қол қоймай жасалды деп саналады, өйткені офертаның акцепті төменде көрсетілген талаптармен шарт жасасуға теңестіріледі. Егер төменде көрсетілген шарттар қабылданған болса, онда бұл Офертаны қабылдаған жеке тұлға Қатысушы болады (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 396-бабының 3-тармағына сәйкес, Оферта акцепті офертада көрсетілген талаптармен шарт жасасуға тең), ал Ұйымдастырушы мен Қатысушы бірлесіп Шарттың Тараптары болады.

1.3. Жоғарыда айтылғандарға байланысты осы Офертаның мәтінін мұқият оқып шығыңыз, егер сіз оның шарттарымен немесе оның шарттарының тармақтарымен келіспесеңіз, «Ұйымдастырушы» Сізді Келісім Шарт жасаудан бас тартуға шақырады.

### **2. Терминдер.**

2.1. Осы Офертаның мақсаты үшін төмендегі терминдер келесі мағынада қолданылады:

«Оферта» - бұл Келісім Шарт жасасуға арналған Ашық Оферта құжаты.

«Оферта акцепті» - 3.3 тармағында көрсетілген әрекеттерді орындау арқылы Офертаның толық және қайтарымсыз қабылдануы болып есептеледі. Офертаның акцепті Келісім Шарт жасалғандығын білдіреді.

«Қатысушы» - Оферта акцептін жүзеге асырған және осындай Офертаның нәтижесінде Келісім шарттың тарапы болып табылатын тұлға.

«Ұйымдастырушы» - «Janastar» байқауының ұйымдастырушысы болып табылатын «W10 - Company» ЖШС-і.

«Келісім» - Қатысушы мен Ұйымдастырушы арасындағы Офертаны акцептеу арқылы жасалатын Байқауға қатысуға бір реттік рұқсат беру туралы Келісім шарт.

«Ережелер» - Сайтта жарияланған Байқаудың ережелері.

«Сайт» - [www.janastar.kz](http://www.janastar.kz) сайтында орналасқан, ақпарат пен мәліметтерді өңдеу қызметтерін ұсыну үшін пайдаланылатын Интернет-сайт.

Осы Офертада түсінігі берілмеген бірақ қолданылған барлық терминдер Ережеде көрсетілген мағынаны білдіреді.

### **3. Шарттың мәні.**

3.1. Келісім шартқа сәйкес, Ұйымдастырушы Қатысушыға сайтта көрсетілген шарттар бойынша Байқауға қатысуға рұқсат береді.

3.2. Ұйымдастырушы Қатысушыға тек бекітілген ережелер мен мерзімдерге сәйкес өтінім берілген жағдайда ғана қызмет көрсетеді.

3.3. Офертаны акцепті - бұл Қатысушының Сайтқа тіркелу фактісі болып табылады.

3.4. Қатысушы өзінің мәліметтерін дұрыс толтырмаған жағдайда, Ұйымдастырушы олардың Сайтта дұрыс көрсетілмегені үшін жауапты болмайды.

3.5. Сайтқа тіркелу арқылы Қатысушы өзінің дербес деректерін өңдеуге келіседі және қажет деректерді беретініне саналы келісімін береді.

#### **4. Байқауға қатысушыларды Ережелер туралы ақпараттандыру тәртібі мен әдісі.**

4.1. Байқау өткізу ережелері, қатысу шарттары, іріктеу критерийлері және Байқауға қатысу тәртібі туралы және де басқа ақпарат сайтта орналастырылған.

4.2. Байқаудың [www.janastar.kz](http://www.janastar.kz) ғаламтор желісіне байқау өткізудің мерзіміне сай ережелерді орналастыру арқылы Байқау қатысушыларын хабардар ету жүзеге асырылады.

4.3. Байқаудың барлық нәтижелері Интернет желісінде мына мекенжайға орналастырылады: [www.janastar.kz](http://www.janastar.kz), сонымен қатар TikTok әлеуметтік желісіне @JANASTARFILM байқау парақшасына орналастырылады.

#### **5. Қатысушының құқықтары.**

5.1. Байқау Ережелерінде айқындалған тәртіппен байқауға қатысуға құқылы.

5.2. Егер жеңімпаз деп танылса, Байқаудың ережелері мен шарттарына сәйкес жүлде алуға құқылы.

#### **6. Қатысушының міндеттері.**

6.1. "TikTok" әлеуметтік желісінде және Байқаудың [www.janastar.kz](http://www.janastar.kz) веб-сайтында тіркелу және/немесе авторизациялау кезінде Байқауға Қатысушы өзінің жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес келетін сенімді жеке деректерді ұсынуға міндеттенеді.

6.2. Байқаудың барлық ережелері мен шарттарын толығымен сақтауға міндетті.

6.3. Байқауға қатысуға қол жеткізу нәтижесінде алынған мәліметтерді жарияламауға немесе үшінші тұлғаларға бермеуге міндетті.

#### **7. Ұйымдастырушының құқықтары.**

Ұйымдастырушы:

7.1. Байқауға қатысу үшін ұсынылған жұмыстардың түпнұсқалығын тексеруге және сараптама жүргізуге (ықтимал плагиатты анықтау үшін),

7.2. Өзінің мәліметтерін толық ұсынбаған Қатысушыға байқау ережелерінде көрсетілгендей, бас жүлдені беруден бас тартуға,

7.3. Байқаудың бірінші жартысында Байқау ережелерін өзгертуге немесе күшін жоюға, бұл ретте Қатысушыларға Ережені өзгерту немесе оның күшін жою туралы Ережеде көрсетілген тәртіппен хабарлама жасауға,

7.4. Егер байқау жұмысының мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасына, мораль мен этика қағидаларына қайшы келсе, басқа адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтірсе, байқауды ұйымдастырушылар мен демеушілерге қатысы жоқ жарнамалық сипатқа ие болса және/немесе Байқау ережелерінде көрсетілген басқа шарттарды бұзса, Ұйымдастырушының шешімі бойынша байқау жұмысын қабылдаудан бас тартуға,

7.5. Өз қалауы бойынша кез-келген уақытта қатысушы деректерінің дұрыстығын өз бетінше тексеріп, соңғысынан көрсетілген деректердің дұрыстығын растайтын құжаттарды талап етуге,

7.6. Егер Жеңімпаз деп танылған Қатысушы мәліметтер ұсынбаған және/немесе дұрыс көрсетпеген болса, онда Ұйымдастырушы Байқау ережелеріне сәйкес жаңа Жеңімпазды таңдауға,

7.7. Қатысушыдан оның жеке басына қатысты, сондай-ақ Жұмыстың сенімділігі мен бірегейлігін растау үшін қажетті қосымша деректерді сұратуға құқылы.

## **8. Ұйымдастырушының міндеттері.**

Ұйымдастырушы міндеттенеді:

8.1. Байқауды осы Ережемен анықталған тәртіпте өткізуге,

8.2. Байқау кезінде «ТикТок» әлеуметтік желісіндегі техникалық ақауларға немесе басқа да ақауларға жауап бермеуге,

8.3. Қатысушының толық емес, ескірген, дұрыс емес жеке деректерді ұсынуына байланысты өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Ұйымдастырушы оған жауап бермеуге,

8.4. Ұйымдастырушы Қатысушыдан қажетті мәліметтерді алмағаны үшін, оның ішінде байланыс ұйымдарының және/немесе байқау өткізу кезінде пайдаланылатын байланыс арналарының кінәсінен, сондай-ақ көрсетілген қате немесе ескірген байланыс деректері салдарынан қатысушымен байланысты жүзеге асыра алмағаны үшін жауапты болмайды.

## **9. Қосымша шарттар.**

9.1. Байқауға қатысу автоматты түрде Қатысушының Байқау шарттары мен ережелерімен таныс екендігін білдіреді.

9.2. Байқауға қатыса отырып, қатысушы "W10 - Company" ЖШС компаниясына "ТикТок" әлеуметтік желісінде және байқау сайтында жариялаған өзінің видео жұмыстарын одан әрі пайдалануға келісімін бере отырып, [www.janastar.kz](http://www.janastar.kz) қатысушыға сыйақы төлемей, "W10 - Company" ЖШС компаниясының сауда маркаларын, өнімдерін жарнамалау/анонстау мақсатында, сондай-ақ "W10-Company" ЖШС компаниясына эфирге беру, көпшілікке көрсету жолымен өзінің видеожұмыстарын пайдалану құқығын және өзінің бейне жұмыстарын пайдалануға басқа да айрықша емес құқықтарын береді.

9.3. Қатысушы барлық фото/видео материалдарды пайдалану кезінде "Адал пайдалану" қағидаларына негізделу керек. ([«Адал пайдалану» дегеніміз не?](#)). Және/немесе байқауға қатысу автоматты түрде қатысушының әлеуметтік желілерде және байқаудың сайтында видеода бейнеленген барлық тұлғалардан сурет/видеоны жариялауға келісім алғандығын білдіреді. #JANASTARFILM хештегімен видео жариялай отырып, Байқауға Қатысушы өз бетінше жауапкершілік алатынын растайды және осындай материалдардың авторлық құқықтарын сақтауға байланысты наразылықтар немесе даулар туындаған жағдайда, Қатысушы барлық ықтимал шығындарды қоса алғанда, оларды шешуде дербес жауапты болады, сондай-ақ Байқауды Ұйымдастырушының даулы жұмысты оны орналастырудың заңдылығы одан әрі анықталғанға дейін байқауға қатысудан дереу алып тастау құқығын таниды.

## **10. Байқауға қатысушының өзінің жеке деректерін өңдеуге келісімі**

10.1. Байқауға қатысу фактісі және Ұйымдастырушыға деректерді жіберу кезінде қатысушының дербес деректерді беру фактісі (тегі, аты, байланыс телефонының нөмірі, электрондық поштасы, паспорттық деректер, ЖСН) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және тәртіппен байқауды ұйымдастырушының байқау өткізу және жүлделер беру шеңберінде оның дербес деректерін өңдеуіне қатысушының келісімін білдіреді», сондай-ақ Байқауды ұйымдастырушының дербес деректерді статистикалық мақсаттарда және "W10 - Company" ЖШС компаниясының өнімдері туралы жарнамалық - ақпараттық материалдарды немесе қатысушы көрсеткен электрондық/пошталық мекенжайға "W10-Company" ЖШС компаниясы өнімдерінің жарнамалық үлгілерін тарату немесе "W10-Company" ЖШС компаниясының өнімдері туралы жарнамалық-ақпараттық материалдарды тарату мақсатында пайдалануы - Және / немесе

адресаттар тобын автоматтандырылған түрде қалыптастыру-әлеуметтік желілерді пайдаланушылар топтарын белгіленген критерийлер негізінде жарнамалық орналастыру мақсаттары үшін ("W10 - Company" ЖШС компаниясының өнімдері туралы) және әлеуметтік желілерде және басқа да мақсаттарда "W10-Company" ЖШС компаниясының өнімдері туралы жарнамалық - ақпараттық материалдарды жіберу үшін қолданылады.

10.2. Байқауды ұйымдастырушы қатысушылардың деректерін "W10 - Company" ЖШС компаниясының өнімі туралы ақпаратты таратуды жүзеге асыру үшін, оларды осы Қағидаларда көрсетілген мақсаттарға сәйкес өңдеу үшін шарттық қатынастары бар үшінші тұлғаларға беруге құқылы. Ұйымдастырушы деректерді шекара арқылы тасымалдамайды. Қатысушының дербес деректерін өңдеуге/пайдалануға келісім байқау өткізу мерзімі аяқталған сәттен бастап 10 (он) жыл бойы жарамды болады.

10.3. Қатысушы өзінің келісімін төмендегідей жағдайда қайтарып ала алады:

10.3.1. Ұйымдастырушыға кез-келген уақытта осі адресіне: Алматы қ., Тимирязев көш., 42, блок 15/1 Б, оф. 206, шығу туралы жазбаша хабарлама жібереді. Хабарлама болған жағдайда келісімнің күшін жою үшін Байқауды ұйымдастырушы және оның уәкілетті адамдары хабарлама алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Қатысушының жеке деректерін өңдеуді тоқтатады және дербес деректерді жояды. Бұл жағдайда, егер Қатысушы тиісті Байқау кезеңінде келісімінен бас тартса, Ұйымдастырушы Байқау Қатысушысынан хабарлама алған сәттен бастап автоматты түрде осы Байқау шеңберінде сыйлықтар алу құқығынан айырылады.

10.4. Дербес деректері бар іс-шаралар тізімі: жинау, сақтау, тарату (ұтыс нәтижелерін жариялауға жіберу, Байқау Жұлделерін алушылардың тізімі), Жұлде алушылардың жұлделерді ұсынуы үшін, пайдалану, сонымен қатар 10.1, 10.2 тармақтарында көрсетілген басқа мақсаттар үшін пайдалану, жеке деректерді жою (құжаттарды сақтау мерзімінің аяқталуына сәйкес).

10.5. Қатысушының жеке мәліметтер субъектісі ретіндегі құқықтары. Қатысушының төмендегідей құқығы бар:

- Ұйымдастырушы туралы оның дербес деректерінің операторы ретінде ақпарат алу
- Ұйымдастырушыдан өзінің дербес деректерінің операторы ретінде оның жеке деректерін нақтылауды, егер дербес деректер толық емес, ескірген, дәйексіз, заңсыз алынған болса немесе өңдеудің мәлімделген мақсаты үшін қажетті болып табылмаса, оларды бұғаттауды немесе жоюды талап етуге құқылы,
- өз құқықтарын қорғау үшін заңнамада көзделген шараларды қабылдауға,
- осы Шарттарда және «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген басқа құқықтар.

## **11. Ұйымдастырушының мекен-жайы және мәліметтері**

Аты-жөні: «W10-Company» ЖШС

Заңды мекен-жайы: Алматы қ., Афцино көш., 4, п.8.

БСН: 210240037435

Есеп айырысу шоты (теңгемен): KZ489470398993388877

Банк аты: АО ДБ «Альфа-Банк»

БИК: ALFAKZKA

Банк БСНі: 941240000341

КБЕ: 17